Білім беру саласы: «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық».
Оқу іс-әрекеті: «Қарапайым математика», «Құрастыру», «Сурет».
Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер»

Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндерді таныстыру арқылы ой-өрістерін дамыту,түстерді ажыратуға бейімдеу және сурет салдыру арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Методикалық әдіс-тәсілдер: түсіндіру, мазмұнды суреттер көрсету, сұрақ-жауап, қайталау, әңгімелеу, геометриялық пішінді қолдану арқылы сурет салдыру және белгілі бір затты құрастыру.
Керекті құралдар: Мазмұнды суреттер, геометриялық пішіндер кескіні, доп, ақ қағаз, гуащь, қылқалам, сүрткіш.
Ұйымдастыру кезеңі: Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды қаламыз,
Жайнай түссін даламыз!

Шаттық шеңбері: Армысыз аспан ата!
Армысыз жер ана!
Армысыз алтын күн!
Қайырлы таң, қайырлы күн!
Тәрбиеші: Балаларенді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Қане, тексеріп көрейін кім шешуін таба алар екен? Шешімін табасыңдар ма балалар?
Балалар:Ия
Тәрбиеші: Ендеше тыңдаңдар:

Дала сары киінді,
Самал соқты салқындау.
Қырмандарға үйілді,
Алтын астық-алтын тау!

Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы,бұл қай кезде болады?
Балалар: Күз мезгілінде.
Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар!Ендеше,балалар күз мезгілінде неше ай бар?
Балалар: 3 ай бар
Тәрбиеші:Қане атаңдаршы?
Балалар: Қыркүйек,қазан,қараша
Тәрбиеші: Қазір күз мезгілінің қай айы?

Балалар: Қараша айы

Тәрбиеші: Балалар,күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Күн суытып,жаңбыр көп жауады. Біз жаңбырдан қорғану үшін қолымызға қолшатыр ұстаймыз. Күзде ағаштардағы жапырақтар жерге түсіп, ағаштар жалаңаштанады.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі біздің оқу іс-әрекетімізде жаңа тақырып: «Геометриялық пішіндер»



Бұл үшбұрыш.Үшбұрыштың –үш бұрышы болғандықтан оны «үшбұрыш» деп атайды. Қараңдаршы бұл неге ұқсайды?

- Балалар: Үйдің шатырына т.б.



- - Бұл төртбұрыш.Төртбұрыштың –төрт бұрышы болғандықтан оны «төртбұрыш» деп атайды.Ал,балалар бұл бұрыш неге ұқсайды?
- Балалар: тақтаға,терезеге,теледидарға т.б.



- Бұл шеңбер.Балалар шеңбердің бұрышы болмайды. Бұл неге ұқсап тұр,қараңдаршы?
- Балалар:дөңгелекке,сағатқа,машинаның руліне т.б.

- Бұл тік төртбұрыш.Балалар тік төрт бұрыштың да төрт бұрышы бар.Бұл пішін неге ұқсайды?

Балалар:есікке,стендке т.б.

Тәрбиеші:Ал,енді балалар орнымыздан тұрып,бір сергіп алайық.

Сергіту сәті.

Жапырақтай жайқалып,
Табиғатты сүйеміз.
Денемізді тік ұстап,
Билеп-билеп аламыз!

Ғажайып сәт: Есік қағылып,тәрбиешіге хат беріледі.

Тәрбиеші: Балалар,қараңдаршы бізге Күз ханшайымы хат беріп жіберіпті. Бұл хатта: Құрметті балалар,сендерге мен геометриялық пішіндердің кескіндерін бердім. Осы геометриялық пішіндер арқылы маған заттың бейнелерін құрастырып берулеріңді сұраймын,-делінген екен. Ендеше,балалар Күз ханшайымының тілегін орындаймыз ба?

Балалар: Ия

Тәрбиеші: Балаларды, топтарға бөліп отырғызып тапсырма береді.

1-топ:



3-топ:



2-топ:



4-топ:



5-топ:



Тәрбиеші: Балалар,жарайсыңдар.Күз ханшайымы сендерге өте риза болар. Сендер қолдарыннан келгенінше **«үй», «шырша», «машина», «кеме», «балық»** құрастырдыңдар. Жарайсыңдар!

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы мынау не?

Балалар: Бұл-доп.

Тәрбиеші: Дұрыс, доп қандай түсті,ол неден жасалған, допты жерге ұрсақ не істейді? Біз онымен не істейміз? Доп қандай геометриялық пішінге ұқсайды?

Балалар: Доп-қызыл түсті,ол-резеңкеден жасалған, доп-секіреді және біз онымен ойнаймыз. Доп-шеңберге ұқсайды.

Тәрбиеші: Дұрыс балалар,доппен-волейбол, баскетбол, футбол және де көптеген спорттық ойындар ойналады.

Ендеше, балалар біз оқу іс-әрекетімізді сурет арқылы жалғастырайық. Бүгін біз сурет оқу іс-әрекетінде доптың суретін саламыз. Ол үшін бізге ақ қағаз, қылқалам, гуащь, сүрткіш керек. Ендеше балалар қане бірінші біз ауада шеңбер жасап алайық. Енді осы шеңберді сол қалпында қағаз бетіне түсіреміз. Балалар жұмыстарын жасауда.

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз немен таныстық?

Балалар: Геометриялық пішіндермен.

Тәрбиеші: Қане атаңдаршы?

Балалар: Үшбұрыш, төртбұрыш,шеңбер, тік төртбұрыш.

Тәрбиеші: Балалар біз қандай геометриялық пішіннің көмегімен,ненің суретін салдық?

Балалар: Шеңбердің көмегімен доптың суретін салдық.

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар бүгінгі оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

Балалар: Ия, қатты ұнады.

Тәрбиеші: Балалар сендерге үлкен рахмет,оқу іс-әрекетіне белсенді қатыстыңдар.

Ендеше, балалар сендерге үлкен рахмет!!!